

Өсімдік сорттарының патенттік мүмкіндігі мен шаруашылық пайдалығына сараптама және сынақ жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 28 желтоқсандағы N 411 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 7 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1790. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2006 жылғы 25 сәуірдегі N 274 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2006 жылғы 25 сәуірдегі N 274 бұйрығымен .

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді кесімдерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-р өкімін іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "Өсімдік сорттарының патенттік мүмкіндігі мен шаруашылық пайдалығына сараптама және сынақ жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 28 желтоқсандағы N 411 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1790 болып тіркелген) күші жойылған деп т а н ы л с ы н .

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілді.

М и н и с т р

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Z990422_ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН :

1. Қоса беріліп отырған Өсімдік сорттарының патенттік мүмкіндігі мен шаруашылық пайдалығына сараптама және сынақ жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Егіншілік департаменті және Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия осы бұйрықтан туындайтын қажетті ш а р а л а р д ы қ о л д а н с ы н .

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Министр

Келісілген
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
2001 жылғы 21 желтоқсан
бекітілген

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрінің
2001 жылғы 28 желтоқсандағы
N 411 бұйрығымен

К е л і с і л г е н
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінің
Санатшылық меншік құқығы
жөніндегі комитетінің төрайымы

2001 жылғы 28 қараша

Өсімдік сорттарының патенттік мүмкіндігі мен шаруашылық пайдалығына сараптама және сынақ жүргізу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Z990422_ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленген және өсімдік сорттарының патенттік мүмкіндігі мен шаруашылық пайдалығына сараптама және сынақ жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Өсімдік сорттарының патенттік мүмкіндігі мен шаруашылық пайдалығына сараптауды және сынауды Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы (бұдан әрі - Мемкомиссия) жүргізеді.

3. Өсімдік сортын сараптау қатарына Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санатшылық меншік құқығы жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Заңның 8-бабының 3-тармағына сәйкес оны әрі қарай қарау және сортқа зертханалық сараптама жүргізу туралы шешім қабылдаған өтініштің және селекциялық жетістіктің сауалнамасына сараптама жүргізу енеді.

4. Өсімдік сортын патенттік мүмкіндігі мен шаруашылық пайдалығына сараптау қатарына сорттың ерекшелігіне, біртектілігіне және тұрақтылығына сынақ жүргізу және сорттың шаруашылық пайдалығына сынақ жүргізу енеді.

2. Өтінішті сараптау

5. Мемкомиссия түскен күннен бастап екі айдың ішінде өтінішке: осы Ереженің 6-тармағына сәйкес селекциялық жетістіктің жаңалығы; өтініш берушінің сауалнамасында көрсетілген сорт белгілерінің сипаттамасы мен тапсырылған үлгілердің сәйкестігі;

тиісті сортқа мінездеме беретін қосымша құжаттардың мазмұны бойынша с а р а п т а м а жү р г і з е д і .

6. Селекциялық жетістіктің жаңалығын сараптау Мемкомиссия бекіткен тізбе

бойынша тапсырылған құжаттар негізінде, оларды және сорттық құрамды пайдалану мен сорттар рыногын зерттеу туралы мәліметтерді талдау арқылы жүргізіледі.

Егер де өтініштің жаңалығын тексеру нәтижесінде сорттың жаңалық критерийлеріне сай еместігі белгілі болса, Мемкомиссия тиісті қорытындыны Комитетке жібереді.

Мемкомиссияның қорытындысы негізінде Комитет тиісті шешім қабылдайды және ол туралы өтініш берушіге хабарлайды.

7. Кез келген мүдделі тұлға Заңның 8-бабының 6-тармағына сәйкес жүргізілген өтініш туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап алты айдың ішінде Мемкомиссияға селекциялық жетістіктің жаңалығына қатысты наразылықтарын жібере алады. Ол туралы Мемкомиссия наразылықтың мәнісін баяндау арқылы өтініш берушіге хабарлайды. Наразылықпен келіспеген жағдайда өтініш беруші хабар алған күннен бастап үш ай мерзім ішінде Мемкомиссияға негізделген қарсылық жіберуге құқысы бар.

Белгіленген мерзімде келіп түскен наразылықтарды қарастыру нәтижелері бойынша Мемкомиссия селекциялық жетістіктің жаңалық критерийлеріне сай немесе сай еместігі туралы қорытынды жасайды және оны Комитетке жібереді. Мемкомиссияның қорытындысы негізінде Комитет тиісті шешім қабылдайды және ол туралы мүдделі тұлғаларға хабарлайды.

3. Сортты зертханалық сараптау

8. Зертханалық сараптама жүргізу үшін өтініш беруші Мемкомиссияның талабы бойынша дақылдар жөніндегі Мемкомиссияның нормативтік құжаттары мен әдістемелерінде көрсетілген данада тиісті деректерді (тұқымдардың үлгілері, масақтар, түйнектер, өсімдіктердің бөлшектері) және тиісті төлем жасалғанын растайтын құжатты тапсырады.

9. Селекциялық жетістіктің сауалнамада көрсетілген белгілерге сәйкестігін зертханалық сараптау барысында:

1) жиналған мәліметтер банкін пайдалану арқылы басқа селекциялық жетістіктерден ерекше белгілерінің бар-жоғы айқындалады;

2) тапсырылған деректерді көзбен шолып талдау негізінде белгілердің біртектілігіне баға беріледі;

3) электрофорез әдісімен биохимиялық зерттеулер жүргізіледі.

10. Үлгілерді зертханалық талдаудың нәтижелері расталмаған және электрофоретикалық спектрдың морфология және белок формуласы бойынша айқын білінетін ерекше белгілері болмаған жағдайда Мемкомиссия Комитетке сорттың ерекшелік және (немесе) біртектілік талаптарына жауап бермейтіні туралы қорытынды жібереді.

11. Зертханалық талдаудың нәтижелері расталған жағдайда Мемкомиссияның

сараптамалық кеңесі ерекшелігіне, біртектілігіне және тұрақтылығына мемлекеттік сынақ жүргізу туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте Мемкомиссия өтініш берушіге көрсетілген сынақтарды өткізуге дайын екендігі және тиісті төлем жасау қажеттілігі жөнінде хабарлайды.

4. Сорттың ерекшелігін, біртектілігін және тұрақтылығын сынау

12. Өтініштің патенттік мүмкіндігіне сараптама жүргізу кезінде:

ерекшелігіне сынақ;

біртектілігіне сынақ;

тұрақтылығына сынақ;

зерттеу нәтижелеріне талдау жүргізіледі.

Өсімдік сортын патенттік мүмкіндігіне сынау әдістеме талаптарына сәйкес жүргізіледі.

13. Сорт, егер де ол патент беруге өтініш берілген сәтте бар екендігі жалпыға белгілі кез келген басқа сорттан өте ерекше болса, ерекшелік критерийлеріне сай деп танылады.

Ерекшеліктерін далалық сынақ - кезінде айқындауға болатын селекциялық жетістіктің белгілері жақсы көрініп, дәл бейнелеуге және қайталауға мүмкін болуы тиіс.

Селекциялық жетістік, егер де ол көбею ерекшеліктерін есепке алғанда селекцияланатын белгілері бойынша біртекті болып қала берсе, біртекті деп саналады.

Селекциялық жетістік, егер де оның негізгі белгілері әр репродукцияланғаннан кейін, ал көбеюдің ерекше циклы болған жағдайда - көбеюдің әр циклының соңында өзгермей қала берсе, тұрақтылық критерийіне сай деп танылады.

14. Ерекшелігіне, біртектілігіне және тұрақтылығына сынақ жүргізу үшін өтініш беруші Мемкомиссияның тәртіптемелері бойынша Мемкомиссияның өтініш берушіге жіберген хабарында көрсетілген мекен-жайларға және мерзімде дәннің қажетті санын және дақылға байланысты өсімдіктің белгілі бір бөліктерін тегін тапсырады.

15. Мемкомиссия өтініш берушіден селекциялық жетістіктің ерекшелігіне, біртектілігіне және тұрақтылығына сынақ жүргізу үшін қосымша құжаттарды талап етуге құқылы.

16. Сараптау нәтижесінде селекциялық жетістіктің белгілерінің өтініш берушінің сауалнамада көрсеткеніне сәйкестігі айқындалады. Ерекшелігіне, біртектілігіне және тұрақтылығына жүргізілген сараптаманың бағасы мәліметтер банкін пайдалану арқылы Мемкомиссияда өңделеді.

17. Мемкомиссия Қазақстан Республикасының, сондай-ақ тиісті шарт

жасасқан басқа да мемлекеттердің басқа ұйымдары жүргізген сынақтардың нәтижелерін, сондай-ақ өтініш беруші тапсырған мәліметтерді пайдалануға құқылы.

5. Сорттың ерекшелігіне, біртектілігіне және тұрақтылығына сынақ жүргізуге өткізілетін үлгілерге қойылатын талаптар

18. Үлгілерді және тұқымды (отырғызылатын материалды) іріктеу былтырғы жылғы өнімнен мемлекеттік стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады және тұқым куәлігімен жолдамаланады.

Үлгілер және тұқым (отырғызылатын материал) карантиндік зиянкестерден, аурулардан және арамшөптерден, бөтен қоспалардан, басқа дақылдардың тұқымдарынан бос болуы тиіс. Үлгілер, егер оны Мемкомиссия айтпаса, қабықталмаған, дәріленбеген болуы тиіс.

19. Сорт үлгісінің мынадай ақпарат жазылған ішкі және сыртқы этикеткалары болуы керек:

сорттың аты (егер аты әлі айқындалмаса, селекциялық нөмірі жазылады). Шетелдік сорттың аты өтініш берушінің тілінде және мемлекеттік немесе орыс тіліндегі гибарада жазылады;
тегі, түрі (мемлекеттік немесе орыс және латын тілдеріндегі аты).

20. Сондай-ақ өтініш беруші Қазақстан Республикасының тұқымдық сорттық тектік қорын құру және үзбей сақтау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған мекеме құрамына гербарийлер, дәндер, түйнектер, баданалар, қалемшелер, гүл шоғырлары (масақтар, шашақгүлдер, собықтар және өсімдіктің басқа да бөліктері) енетін үлгіні жібереді.

6. Мемкомиссиямен хат жазысуды жүргізу

21. Хат жазысуды өтініш беруші немесе оның соған уәкілеттелген өкілі әр өтініш бойынша бөлек жүргізеді.

Мемкомиссияға жіберілетін құжаттарда өтініштің нөмірі және өтініш берушінің немесе оның өкілінің қолы болуы тиіс. Өтініш нөмірі көрсетілмеген құжаттар қаралмастан қайтарылып беріледі.

22. Іс жүргізу мемлекеттік немесе орыс тілінде жүргізіледі.

23. Қате рәсімделген құжаттарды Мемкомиссия қарамайды. Мұндай құжаттар тапсырған тұлғаға тиісті хабар жіберіледі.

24. Сорт өтінішіне қосымша түскен және өтініштің алғашқы құжаттарында көрсетілмеген және өтініш берілген сорттың мәнін өзгертетін белгілер бар құжаттар өтінішті қарау кезінде көңілге алынбайды, ол туралы Мемкомиссия өтініш берушіге хабарлайды.

7. Патенттік мүмкіндікке сараптама жүргізу нәтижелері бойынша қорытындылар

25. Егер де Мемкомиссия жүргізген сараптаманың нәтижесінде өтініш берілген селекциялық жетістіктің патент мүмкіндігінің шарттарына сай екендігі белгілі болса, Мемкомиссия патент беру туралы қорытындымен бірге тиісті үлгі бойынша сорттың сипаттамасын жасайды және оны екі данада Комитетке жібереді.

26. Егер де Мемкомиссия өтініш берілген селекциялық жетістіктің патент мүмкіндігінің ең болмағанда бір шартына сай емес екендігін айқындаса, Мемкомиссия тиісті қорытынды жасайды және оны екі данада Комитетке жібереді.

8. Селекциялық жетістікті сақтау

27. Патент иесі патенттің күші бар мерзім ішінде Қорғалатын селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне тіркелген күні жасалған сорттың сипаттамасында көрсетілген белгілері сақталатындай қылып сортты қолдауға міндетті.

28. Патент иесі сортқа қарсылықтар болған жағдайда Мемкомиссияның сұранысы бойынша бақылау сынақтарын және сорттың сақталуын тексеруді жүргізу үшін сұраныс жіберілген күннен бастап он екі айдың ішінде үлгілерді және талап етілген құжаттарды жіберуге міндетті.

29. Осы Ереженің 28-тармағында көрсетілген талаптар орындалмаған жағдайда, заңнамамен белгіленген тәртіппен патенттің күші жойылады.

9. Сорттарды шаруашылық пайдалығына сынау

30. Сорттарды шаруашылық пайдалығына сынауға өтініш беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Сорттарды шаруашылық пайдалығына сынау ауыл шаруашылығы дақылдарын мемлекеттік сортсынау әдістемесі бойынша жүргізіледі.

31. Шаруашылық пайдалығы мемлекеттік сынау немесе өтініш берушінің мәліметтері нәтижелері бойынша бағаланатын тектер мен түрлердің тізбесін Мемкомиссия белгілейді.

10. Сорттарды шаруашылық пайдалығына сынау нәтижелері бойынша қорытындылар

32. Сортты шаруашылық пайдалығына сынау нәтижелері бойынша шаруашылық-пайдалы белгілерінің құндылығын негіздеу арқылы қорытынды жасалады және Пайдалануға жол берілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі - Мемтізілім) өзгерістер енгізу жөнінде тиісті шешім қабылдау үшін ұсыныс енгізіледі.

33. Мемтізілімге өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды Мемтізілімге өзгерістер қарастыру және енгізу жөніндегі республикалық комиссия қарайды.

